

2012 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында Шал ақын ауданының аумағында Қазақстан Республикасы ер азаматтарының мерзімді әскери қызметіне шақыруын өткізуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 наурыздағы N 59 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде N 13-14-151 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2015 жылғы 12 маусымдағы N 15.1.5-11/314 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 12.06.2015 N 15.1.5-11/314 хаты).

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында он сегіз-жиырма жеті жастары аралығындағы, мерзімді ұзартуға немесе шақырудан босатылу құқығы жоқ Қазақстан Республикасы ер азаматтарының, сонымен қатар оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасына жетпеген және "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен шақыру бойынша белгіленген әскери қызметінің мерзімдерін өткермеген азаматтардың мерзімді әскери қызметіне кезекті шақыруы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. 1, 2-қосымшаларына сәйкес ұсынылған әскери қызметіне азаматтардың шақыруын өткізу кестелері бекітілсін.

3. Ауылдық округтарының әкімдері азаматтардың әскери қызметіне шақыруын өткізу кезінде ауданының жергілікті әскери басқару органына шақырылушылардың уақытында жеткізілуін қамтамасыз етсін.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудандық бюджетінің қаражаттар есебінен азаматтардың әскери қызметіне шақыруы бойынша іс-шараларының шығыстарын уақытында қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы шақыру өткізу уақытына жұмысқа төрт

бірлік санында техникалық қызметкерлерді және қызмет көрсету персоналды қабылдасын.

6. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
З.С.Байғаскинаға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткенінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірінде пайда болған құқық қатынастарына таратылады.

Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Шал ақын ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
бастығының міндеттерін
уақытша атқарушысы
2012 жылғы 15 наурыз

Қ. Тінеев

Қ.О. Ысқақов

Қосымша 1
Шал ақын ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 15 наурыздағы
№ 59 қаулысымен бекітілді

2012 жылғы сәуір-маусым айларында шұғыл әскери қызметке азаматтарды шақыру өткізу кестесі

№	Селолық округінің, қаланың атауы	Шақыру өткізу күндері					
		әскерге шақырылғандардың саны	2.04	3.04.	4.04.	5.04.	6.04.
1	Афанасьев	21					21
2	Аютас	24	24				
3	Городецк	20			20		
4	Жанажол	13				13	
5	Кривошеков	23		23			
6	Новопокровка	20		20			
7	Октябрь	18			18		
8	Приишим	18				18	
9	Семиполка	11				11	
10	Ступинка	7				7	
11	Сухорабовка	19					19
12	Юбилейный	9			9		
13	Сергеевка қаласы	47	26	7	3	1	10
	Барлығы	250	50	50	50	50	50

Ескерту: шақыру комиссиясын өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы сәрсенбі күндері аптасына бір рет өткізіледі, көктемгі шақыруда 2012 жылғы 30 маусымына дейін.

Қосымша 2
Шал ақын ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 15 наурыздағы
№ 59 қаулысымен бекітілді

2012 жылғы қазан-желтоқсан айларында шұғыл әскери қызметке азаматтарды шақыру өткізу кестесі

№	Селолық округінің, қаланың атауы	Шақыру өткізу күндері					
		әскерге шақырылғандардың саны	1.10	2.10	3.10	4.10	5.10
1	Афанасьев	21					21
2	Аютас	24	24				
3	Городецк	20			20		
4	Жанажол	13				13	
5	Кривошеков	23		23			
6	Новопокровка	20		20			
7	Октябрь	18			18		
8	Пришим	18				18	
9	Семиполка	11				11	
10	Ступинка	7				7	
11	Сухорабовка	19					19
12	Юбилейный	9			9		
13	Сергеевка қаласы	47	26	7	3	1	10
	Барлығы	250	50	50	50	50	50

Ескерту: шақыру комиссиясын өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы сәрсенбі күндері аптасына бір рет өткізіледі, күзгі шақыруда 2012 жылғы 30 желтоқсанына дейін.